

¹ Г.К. Турлыбекова, ¹ А.Р. Ембергенова, ² К.Е. Нурлыбаева, ² А.Б. Даупбаева

ҚОРҒАЛЖЫН ҚОРЫҒЫ ҚҰСТАРЫНЫҢ БИОАЛУАНТҮРЛІЛІГІ

¹ Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қазақстан

² Назарбаев зияткерлік мектебі, Қазақстан

"Қазақстан биоалуантүрлілікті сақтау ассоциациясы" республикалық қоғамдық бірлестігі 2004 жылы құрылып, Алматы қаласында биоалуантүрлілікті сақтау саласында қызмет ететін заңды тұлғалар ассоциациясы ретінде "Қазақстан биоалуантүрлілікті сақтау ассоциациясы" атауымен тіркелді.

ҚБСА мақсаты - ғылыми негізде жануар әлемінің алуантүрлілігін бір қалыпт сақтау, осы мақсатта ұлттық және халықаралық, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдармен серіктестікті дамыту, табиғатты қорғау саламында қызмет ететін мамандарды даярлауда көмек көрсету[1].

«Көктем Келе Жатыр!» Халықаралық жобаның XI маусым аясында жобамен таңдалып алынған құстардың 5 түріне жасалған бақылау бойынша жиналған соңғы мәліметтерді енгіздік.

Экскурсияның негізгі міндеті:

- құстарды мұқият бақылау;
- қыстау қарлығашы, ақ дегелек, кәдімгі көкек, сұр қарлығаш және сарыалқым аражегіштің алғаш кездескен мекендерін белгілеп алу;
- Қазақстанның Қызыл Кітабына енген сирек құстарды бақылау.

Мақсаты: табиғатқа деген қызығушылықты ояту және табиғи ортада жыл құстар популяциясының сақталуын қамтамасыз ету.

Қорғалжын қорығы - Астана қаласының оңтүстік-батысына қарай 130 шақырым жерде орналасқан. Қорық табиғи комплексті қорғау және табиғатты аялау ниеттерін халыққа жеткізу мақсатында құрылған. Оның ауданы 259,9 мың гектарды құрайды, оның 198 мыңы акватории. Қорғалжын қорығында мекендейтін және Қызыл Кітапқа енгізілген құстардың 32 түрі бар. Қорғалжын қорығына 32 мыңдай қасқалдақ, 10 – 12 мыңдай үйрек, аққу, қаз және тағы да басқа құс түрлері ұя салады. Қорғалжын қорығы Әлемдегі ерекше бақылауды талап ететін Рамсар Конвенциясының «А» тобына кіреді.

Теңіз-Қорғалжын көлдеріне көктем кезінде көптеген су құстары жиналады. Осының аркасында бұл қорық дүние жүзіне әйгілі болып отыр. Ол ЮНЕСКО-ның тізіміне ерекше қорғалатын батпақты-шөлді ландшафт ретінде енген. Қорықта суда жүзетін құстардың тіршілігін зерттеу жөнінде үлкен ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізіліп, мұражайлар, хайуанаттар бағына арналған материалдар жинастырылады.

Далалық зерттеу жұмысы 2016 жылдың 7 мамырында өткізілді (1 сурет).





Сурет 1 - ҚБСА мүшелері Қорғалжын қорығында.

Экскурсия барысында көзделген қоныс аударушы құстарды Қорғалжын қорығындағы Жұмай және Майшұқыр көлдерінде кездестірдік.



Сурет 2 - Далалық зерттеу жұмысы барысында

Берілген аумақты зерттеу барысында келесі орнитофауна қаралып, анықталды және даралар саны есептелді (2 сурет). Қорытынды 1 кестеде көрсетілген [2].

1-кесте. Қорғалжын қорығында кездескен құстар тізімі

№	Құстардың түрлері	Латынша атауы	Орысша атауы
1	Қоқиқаз*	<i>Phoenicopterus roseus</i>	Фламинго
2	Қарабас өгіз шағала*	<i>Larus ichthyaetus</i>	Черноголовый хохотун
3	Бұйра бірқазан*	<i>Pelecanus crispus</i>	Кудрявый пеликан
4	Сұңқылдақ аққу*	<i>Cygnus Cygnus</i>	Лебедь-кликун
5	Ақбас тырна	<i>Anthropoides virgo</i>	Журавль-красавка
6	Көккүтан	<i>Ardea cinerea</i>	Серая цапля
7	Сыбырлақ аққу	<i>Cygnus olor</i>	Лебедь-шипун
8	Барылдауық үйрек	<i>Anas platyrhynchos</i>	Кряква
9	Сұр қаз	<i>Anser anser</i>	Серый гусь
10	Ысылдақ шүрегей	<i>Anas crecca</i>	Чирок-свистунок
11	Шаушүрілдек	<i>Charadrius dubius</i>	Малый зуек
12	Ұзынсирақ балшықшы	<i>Himantopus himantopus</i>	Ходулочник
13	Италақаз	<i>Tadorna tadorna</i>	Пеганка
14	Көл шағаласы	<i>Larus ridibundus</i>	Озерная чайка
15	Өгізшағала	<i>Larus cachinnans</i>	Хохотунья
16	Қызғыш	<i>Vanellus vanellus</i>	Чибис
17	Қара бозторғай	<i>Melanocorypha yeltoniensis</i>	Черный жаворонок
18	Сұрқарлығаш	<i>Apus apus</i>	Черный стриж
19	Қыстау қарлығашы	<i>Hirundo rustica</i>	Деревенская ласточка
20	Қара ала үйрек	<i>Aythya fuligula</i>	Хохлатая чернеть
21	Үлкен сұқсыр	<i>Podiceps cristatus</i>	Чомга

Қазақстанның Қызыл Кітабына енгізілген [3], қалғандары Жұмай – Майшұқыр көліннің қоныс аударушы құстары.

Қызғылт қоқиқаздар - дене бітімі ерекше, тұмсығы имек, сирек кездесетін құстар (рис. 3). Қорғалжын қорығындағы Теңіз көлінде ғана ұялап, жұмыртқалайды. Қоқиқаздар – жыл құсы. Қазақстанға наурыз - сәуір айларында ұшып келеді. Қоқиқаздар шаянтәрізділермен, ұлулармен, жәндіктердің дернәсілдерімен, балдырлардың және су өсімдіктерінің тұқымдарымен қоректенеді. Олардың тіршілігі үшін суы таяз әрі тұзды су айдындары өте қолайлы [4].



Сурет 3 - Майшұқыр көліндегі қоқиқаздар

Ақбас тырна - тырнатәрізділер отрядына жататын құс. Ақбас тырнаның денесі кіші болып келеді. Шекесінде айдар тәрізді ұзын ақ қауырсындары бар. Басы, мойнының асты мен омырауы қара, ал басқа қауырсындарының түсі көкшіл сұр болады. Жұптасып, жерді аздап шұңқырлап, оған құрғақ шөп төсеп, ұя салады.

Қарабас өгіз шағала – татрентәрізділер отрядының шағалалар тұқымдасына жататын құс (рис. 4). Бауыры ақ, арқасы көгілдір, атына сай басы қара, көзінің айналасы – ақ, тұмсығы сары, оның ұшы қызғылттау, сирағы – жасыл сары болып келеді. Қарабас өгіз шағаланың негізгі қорегі – балық, жәндіктер, кесірткелер, кеміргіштер.



Сурет 4. Майшұқыр көліндегі қарабас өгіз шағала колониясы.

Бұйра бірқазан – ірі денелі (үлкендігі аққудай) сұрғыш-ақ түсті су құсы. Пішіні ерекше: тұмсығы үлкен, астыңғы тұмсықтың астында тері қапшығы болады. Бұған ұқсас қызғылт бірқазанның ұшқанда қанаттарның қара қауырсындары анық көрінеді. 2-4 жұмыртқа салады. Тек балықпен қоректенеді. Жыл құсы.

Сұңқылдақ аққу - Қазақстанда кең тараған болатын, қазір республиканың Солтүстік, Орталық және Оңтүстік-Шығыс аудандарының 5-6 жерінде көлемді ұяларын жасыруға болатын қалың қамыс - қоғалы ірі көлдерді мекендейді. Кіші аққудан ірірек келеді: ұзындығы 140-160 см, қанатжайымы - 205-235 см, ал салмағы 8-15 кг болады.

Қорытынды. Енді жинақталған деректерді қорытындылайтын болсақ, зерттелген Қорғалжын аумағында орналасқан Жұмай, Майшұқыр көлдерінде құстардың шамамен 21 түрі кездесті. Олардың ішінде жартысынан көбі татраңтәрізділер мен қазтәрізділер отряды болды. Бұл көрсеткіш берілген жыл мезгілі үшін қалыпты болып табылады. Осы аймақтағы құстардың жеткілікті саны мен алуантүрлілігін Қорғалжын қорығындағы мол азық қорының болуымен және адамдармен мұқият қорғалуымен түсіндіруге болады.

«Көктем Келе Жатыр!» Халықаралық жобаның XI маусым аясында жобада көзделген құстардың 3 түрін кездестірдік. Олар: қыстау қарлығашы, кәдімгі көкек, сұр қарлығаш. Сонымен қатар, зерттелген территориядан Қазақстанның Қызыл кітабына енген ғажайып құстардың бірі – Қоқиқазды көре алдық. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев: «Қазақ елінің ең қымбат, әрі сұлу, кербез өлкелердің бірі NABU – Қорғалжын ғажабы. Бұл қорықты қастерлеу, табиғи байлықтарға еш зиян келтірмеу, оны болашақ ұрпаққа жеткізу – біздің борыш», деп баға берді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. <http://www.acbk.kz/>
2. Хроков В.В., Скляренко С.Л. Қазақстан құстарының қысқаша анықтамасы. – Алматы: Ассоциация сохранения биоразнообразия Казахстана, 2009.
3. Қазақстан Қызыл Кітабы, <http://www.redbookkz.info/>.
4. Рябицев В.К., Ковшарь А.Ф., Ковшарь В.А., Березовиков Н.Н. Полевой определитель птиц Казахстана. Алматы, 2014.
5. "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың, хайуанаттар бағының және табиғи нысандардың негізінде биологиялық әртүрлілікті зерттеу мен сақтаудың өзекті мәселелері" аймақтық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары, 33 бет, Қарағанды 2016.